

Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамасының жаза тағайындаудың мәселелерін реттейтін нормаларын дұрыс және біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы **қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де заңды күшіне енген сот үкімі болмай қылмыс жасауда кінәлі деп танылуға жатпайды және қылмыстық жазаға тартыла алмайды деген ережелерін негізге ала отырып, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына, сотталушының қызметтегі және қоғамдағы дәрежесіне қарамастан, әрбір қылмыстық істі заңға сәйкес бұлжытпай шешуі қажет екендігіне соттардың назары аударылсын. Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 52-бабында (бұдан әрі – ҚК) көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтағандары, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың болуын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін ескерулері қажет.

2. Қылмыстық топтардың құрамында қылмыстық құқық бұзушылықты, сыбайлас жемқорлыққа қатысты, террористік, экстремистік қылмыстарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі деп танылған және түзелу жолына түсуді қаламайтын бұрын сотталған адамдар үшін заңмен көзделген қатаң жазалау шараларын міндетті түрде талқылаудың және қолданудың қажеттілігіне соттардың назары аударылсын.

Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтаған кезде соттар ҚК-нің 11-бабында көзделген оның ауырлығын, сондай-ақ

құқық бұзушылық жасалған кездегі мән-жайлардың (жасау тәсілі, кінәнің түрі, себептер мен мақсаттар, іс-әрекеттің аяқталу кезеңі, туындаған зардаптардың қоғамға қауіптілік дәрежесі және т.б.) жиынтығын ескеру керек.

3. Соттар сотталушының жеке басына қатысты мәліметтердің жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні бар екенін назарға ала отырып, оларды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге тиіс. Атап айтқанда, сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін, еңбекке, білімге көзқарасын, соттылығы және отбасылық жағдайы туралы мәліметтерді анықтау қажет. Соттар жаза тағайындаған кезде ҚК-нің 52-бабының үшінші бөлігіне сәйкес тағайындалған жазаның сотталушының отбасының және оның асырауындағы адамдардың тұрмыс жағдайына ықпалын ескерулері қажет.

4. ҚК-нің 54-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар тізбесі түпкілікті болып табылады, осыған байланысты, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кездегі немесе сотталушыны сипаттайтын сот анықтаған өзге де мән-жайлар (маскүнемдікке салыну, қоғамдық тәртіпті бұзу, отбасына, жұмысына, оқуына көзқарасы және т.б.) жаза тағайындалған кезде ескерілуі мүмкін, бірақ жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар ретінде танылмайды.

ҚК-нің 54-бабы бірінші бөлігінің 12) тармағына сәйкес, сот қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына қарай масаң күйде қылмыс жасауды жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде танымауға құқылы. Осы мәселені шешу кезінде соттар қылмыстық іс-әрекеттің жасалуының өз сипаты бойынша кінәлі адамның масаң күйімен байланысы бар жоғын, сондай-ақ адам осындай күйге түскен кездегі жағдайды ескерулері қажет. Атап айтқанда, кәмелетке толмағанның қылмыстық құқық бұзушылықты жасау сәтінде масаң күйіндегі жағдайы, егер бұл оны спирт ішімдіктерін , есірткі немесе уытқұмар заттарды пайдалануға қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға бірге қатысушы ересек адамның тартуымен байланысты болса, жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде есептелуге тиіс емес.

ҚК-нің 53-бабында немесе 54-бабында көзделген мән-жай қылмысты саралайтын белгілердің бірі ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі (бұдан әрі – ҚК-нің Ерекше бөлігі) бабының диспозициясында көрсетілсе, сот оны осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде тани алмайды. Сонымен қатар, егер адам қылмыстық әрекетті ұйымдастырушы деп танылса, қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы ерекше белсенді рөл ауырлататын мән-жай деп танылуы мүмкін емес.

Сот талқылауының шегі айыптау актісін, жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру хаттамасын, айыптау хаттамасын жасау кезінде тұжырымдалып тағылған айыппен шектеледі. Жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар айыптың мазмұнына енгізіледі (Қылмыстық-процестік кодекстің (бұдан әрі – ҚПК) 299-бабы үшінші бөлігінің 4-тармағы). Сондықтан, сот айыптау актісінде

көрсетілмеген, жауаптылықты ауырлататын мән-жайлардың бар болуын үкімде белгілеп көрсетсе, ол ҚПК-нің 340-бабының талаптарына сәйкес сотталушының жағдайын ауырлатады және сот талқылуының шегін бұзу болып табылады. Сонымен қатар, жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар деп танылатын мәселенің шешілуі айыппен шектелмейді және басты сот талқылауында анықталған істің нақты мән-жайларына негізделуі тиіс.

ҚК-нің 17-бабының екінші бөлігіне сәйкес есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психиканың бұзылуын сот жаза тағайындау кезінде қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жай ретінде есепке алуға тиіс.

Егер кінәлі адамның жасаған іс-әрекеті өзінің жас балаларына немесе олардың басқа ата-анасына (анасына немесе әкесіне) қарсы бағытталған болса, не егер жас балалар сотталушының асырауында болмаса немесе егер ол ата-аналық құқықтарынан айырылған болса, ҚК-нің 53-бабы бірінші бөлігінің 4) тармағына сәйкес, жас балаларының болуы оның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жай деп танылмайды.

Басты сот талқылауы барысында прокурор ҚПК-нің 340-бабы бесінші бөлігінің қағидаларын сақтай отырып, жаңа айыптау актісін, жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру хаттамасын, айыптау хаттамасын жасау арқылы айыптауды қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайдың орын алғанын көрсетіп, толықтыруға құқылы.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 08.12.2021 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 22.12.2022 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.09.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

5. Жаза тағайындау кезінде сот әр сотталушыға қатысты оның жауаптылығы пен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды міндетті түрде үкімде көрсетуге тиіс.

ҚК-нің 54-бабы бірінші бөлігінің 1) тармағында көзделген қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуының болуы ҚК-нің 12-бабының бірінші бөлігінде бекітілген бірнеше рет жасалу ұғымына сәйкес айқындалады.

Сот үкімімен екі және одан көп қылмысты (олар бірнеше рет жасалған кезде және нақты жиынтығында) жасауға кінәлі деп танылған адамды алғаш рет қылмыс жасаған адам деп танылуы мүмкін емес.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

6. Егер адамды кінәлі деп таныған ҚК-нің бабының санкциясы жазалардың баламалы түрлерін көздесе, ҚК-нің 52-бабының екінші бөлігіне сәйкес, жазаның неғұрлым жеңілірек түрі жазалаудың мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ете алмаған жағдайда ғана жазаның неғұрлым қатаң түрі қолданылатынын назарда ұстай отырып, соттар олардың ішінен жазаның неғұрлым жеңілірек түрін тағайындаудың мүмкіндігі туралы мәселені талқылағандары жөн. Сот шешімі үкімде уәждеуге тиіс.

Егер ҚК-нің Жалпы бөлігінің ережелеріне сәйкес адамға ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясында көзделген жазаның бір де біреуі тағайындала алмаса, онда сот ҚК-нің 55-бабының төртінші бөлігіне сілтеме жасамай, оған ҚК-нің 40 немесе 81-бабында көзделген жазаның неғұрлым жеңіл түрін тағайындайды. Сот қабылдаған шешімнің негіздемесі ҚК-нің Жалпы бөлігінің жазаның сол немесе өзге түрін қолдануға тыйым салуды белгілейтін тиісті нормасының ережесіне сілтеме жасалып, үкімнің уәждеу бөлігінде жазылуға тиіс. Сот үкімімен тағайындалған жазаны өтеуден жалтарған жағдайда жазаны ауыстыру туралы мәселені шешкен кезде де адамға тыйым салынған жазаны қолдануға жол берілмейді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 08.12.2021 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

7. ҚК-нің 55-бабының екінші және үшінші бөліктері жазаны жеңілдететін дербес негіздер болып табылады және оларды бір уақытта қолдануға жол берілмейді. Жазаны тағайындау кезінде осы құқық нормаларының жарыспалылығы кезінде, ҚК-нің 55-бабының үшінші бөлігі қолданылады. Мұндай жағдайда ҚК-нің 55-бабы екінші бөлігінің қағидалары ескерілмейді.

ҚК-нің 55-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін тиісті бапта белгіленген төменгі шектен төмен жаза тағайындауға не қылмыстық құқық бұзушылық сараланған ҚК-нің бабының санкциясында көрсетілмеген жазаның неғұрлым жеңіл түрін тағайындауға немесе міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жазаны қолданбауға тек қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін едәуір азайтатын ерекше мән-жайлар анықталған жағдайда, сондай-ақ топтың жасаған қылмысына сыбайлас қатысушы топтың жасаған қылмыстарын ашуға белсене жәрдемдескен кезде ғана жол беріледі.

Жеңілдететін жекелеген мән-жайлар да, осындай мән-жайлардың жиынтығы да және жасалған әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесінің төмен екенін және сотталушының оң әлеуметтік-адамгершілік бейнесін айғақтайтын жасалған іс-әрекетке, сотталушының жеке басына қатысты өзге де мән-жайлар, ерекше мән-жайлар деп танылуы мүмкін.

Сот іс бойынша анықталған мән-жайлардың нақты қайсысын ерекше мән-жайлар деп танитынын және оларды ҚК-нің 55-бабын қолдану кезінде кінәлінің жеке басы туралы қандай деректермен ұштастырып негізге алатынын үкімде әрбір сотталушыға қатысты көрсетуге міндетті.

Ерекше мән-жайлар болған кезде ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаудың өзі адамға төменгі шектен төмен жазаны тағайындауға кедергі болмайды.

Үкімді орындау тәртібімен, оның ішінде төленбеген айыппұлды бас бостандығынан айырумен ауыстыру кезінде ҚК-нің 55-бабы төртінші бөлігінің қағидаларын қолдануға жол берілмейді.

Егер бап санкциясы бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен қатар өмір бойына бас бостандығынан айыруды көздесе, соттар аса ауыр қылмыс жасағаны үшін белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындау кезінде ҚК-нің 55-бабы екінші бөлігі 3) тармағының қағидасы қолданылуға жататынын ескерулері қажет. Егер сот жаза тағайындау кезінде сотталушыға өмір бойына бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау қажет деген тұжырымға келсе, бұл қағидалар ескерілмейді.

ҚК-нің 55-бабын қолдану арқылы сот белгілеген жазаның мөлшері жазаның осы түрі үшін заңмен белгіленген шектен кез келген жағдайда төмен болмауға тиіс.

ҚК-нің 55-бабының екінші немесе үшінші бөліктерінде көрсетілген мән-жайлар болған кезде жаза ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясында көзделген төменгі шектен төмен тағайындалуы мүмкін. Қылмысты дайындағаны немесе қылмысқа оқталғаны үшін жаза тағайындау жағдайларында ҚК-нің 55-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген шектер ҚК-нің 56-бабының ережелері ескеріле отырып айқындалады. Кәмелетке толмаған адамға ҚК-нің 55 және 56-баптарының қағидалары бойынша айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту немесе бас бостандығын шектеу түрінде жаза тағайындау кезінде соттар ҚК-нің 81-бабының тиісті жаза түрі мерзімінің немесе мөлшерінің ең жоғары және ең төменгі шектері туралы ережелерін негізге алғаны жөн.

Келісімдік іс жүргізуде қаралған іс бойынша жаза тағайындау кезінде сот процестік келісімде белгіленгеннен неғұрлым жеңіл жазаны (түрі, мерзімі, мөлшері) тағайындауға құқылы, бірақ неғұрлым ауыр жаза тағайындауға құқылы емес.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 08.12.2021 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 22.12.2022 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

8. Он сегіз жасқа толмай қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға, әйелдерге, сондай-ақ алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге қатысты үкім шығару кезінде соттар ҚК-нің 46 және 56-баптарында көзделген бас бостандығынан

айырудың мерзімдеріне қатысты ерекшеліктерді ескерулері қажет. Әйелдерге, олардың қылмыс жасаған кездегі жастарына қарамастан, өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалмайды.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2022 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

9. Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау мәселесін қараған кезде соттар қылмыстық жазаның тек ҚК-нің 81-бабында көрсетілген түрлері ғана қолданылатынын және олардың мерзімдері мен мөлшері осы бапта белгіленген шектерден аспайтынын назарға алуға тиіс. Осы ретте ҚК-нің 82 және 83-баптарында көрсетілген мән-жайларды қосымша ескеріп, әрі істің мән-жайларын және кәмелетке толмаған сотталушының жеке басын ескере отырып, оған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігін әрбір нақты жағдайда талқылаған жөн.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау кезінде бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін де, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы үшін де, сондай-ақ үкімдер жиынтығы кезінде бас бостандығынан айырудың мерзімі он жылдан аспауы қажет. Кәмелетке толмағандарға көрсетілген мерзімнен артық мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тек ауырлататын мән-жайлар кезінде жасалған адам өлтіргені үшін немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі ауырлататын мән-жайлар кезіндегі адам өлтіру немесе терроризм болып табылатын олардың жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін. Бұл жағдайда қылмыстар жиынтығы мен үкімдер жиынтығы бойынша тағайындалған бас бостандығынан айырудың мерзімі он екі жылдан аспауы қажет.

Егер ҚК-нің 56-бабының екінші, үшінші бөліктерінде көзделген қағидалар ескеріле отырып кәмелетке толмағанға бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалса, онда жазаның неғұрлым ауыр түрінің мерзімінің немесе мөлшерінің жартысы және төрттен үші аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық үшін кәмелетке толмағанға тағайындалуы мүмкін бас бостандығынан айыру жазасы тиісінше он жыл немесе он екі жыл мерзімнен есептелуге тиіс. Кәмелетке толмағанға жаза мерзімін есептеу туралы осындай қағидалар ҚК-нің 55-бабының екінші және үшінші бөліктерінің талаптары бойынша жазаны тағайындау кезінде де ескерілуі тиіс.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

9-1. ҚК-нің 62-бабы үшінші бөлігінің қағидалары бойынша қылмыстық жаза мерзіміне қылмыстық іс бойынша үкім заңды күшіне енгенге дейін адамды күзетпен ұстау уақыты, оның ішінде адамды ҚПК-нің 131-бабының тәртібімен қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұстау уақыты ғана есепке жатқызылады.

Үкім заңды күшіне енгеннен кейін адамның күзетпен ұсталу уақыты (іздестірудегі сотталған адамды ұстауға және оны этаппен апаруға, жазаны алмастыруға және т.б. байланысты) ҚК-нің 62-бабы үшінші бөлігінің қағидалары қолданылмай, қылмыстық жазаның мерзіміне есептелуге жатады.

Адам ҚК-нің 63-бабы қолданылып, шартты түрде бас бостандығынан айыруға сотталған кезде үкім заңды күшіне енгенге дейін оны қамауда, ұйқамақта ұстау уақыты ҚК-нің 62-бабы үшінші және төртінші бөліктерінің қағидалары бойынша ол нақты бас бостандығынан айыруға сотталған жағдайда жазасын өтеуге жататын қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрі ескеріле отырып, жазаны өтеу мерзіміне есептеледі.

Ескерту. Нормативтік қаулы 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 08.12.2021 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

10. Сот шартты түрде соттауды қолдану кезінде сот жүктеген міндеттер орындалмаған, әкімшілік құқық бұзушылықтар не қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған жағдайда ол үшін ықтимал зардаптарды сотталғанға, оның заңды өкілдеріне түсіндіреді.

Өзіне шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылған адам, ҚК-нің 72-бабы жетінші бөлігінің 2) тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жазаның өтелмеген қалған бөлігі ішінде қасақана жаңа қылмыс жасаған жағдайда, сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды жоймай, оған үкімдер жиынтығы бойынша жаза тағайындайды.

Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде, бірінші үкім бойынша жаза шартты түрде тағайындалған жағдайда сот адамның ұстау мен бұлтартпау шарасы тәртібімен күзетке, ұйқамаққа алыну уақытын олар бірінші іс бойынша да, екінші іс бойынша да қолданылған жағдайда үкімдер жиынтығы бойынша жазаның түпкілікті мерзіміне енгізуге тиіс, бұл туралы айыптау үкімінің қарар бөлігінде көрсеткен жөн.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 08.12.2021 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

10-1. ҚК-нің 44-бабының мағынасы бойынша бас бостандығын шектеу түріндегі жаза пробациялық бақылауды белгілеуден және жүзеге асырудан тұрады. Осыған байланысты пробациялық бақылау мерзімі тағайындалатын жазаның мерзіміне сәйкес келуі тиіс.

Сонымен қатар ҚК-нің 44-бабы мәжбүрлі еңбекке тартудың - жыл сайын жүз сағат мерзімін белгілейді. Осы мерзімді ұлғайтуға немесе төмендетуге жол берілмейді.

Бас бостандығын шектеуді бір жылдан кем немесе жылдары толмаған мерзімге тағайындаған кезде мәжбүрлі еңбек уақыты еңбекке тартудың жыл сайынғы мерзіміне (жүз сағат) қатысты жаза мерзіміне пропорционалды есептеледі.

Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 08.12.2021 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

11. Соттар қылмыстық теріс қылық жасаған не бірінші рет қылмыс жасаған адамдарға қатысты қылмыстық жазалау шараларын қолданбай-ақ, олардың түзелу мүмкіндігі туралы мәселені талқылаулары және ҚК-нің 65, 66, 67, 68, 69, 70-баптарында көрсетілген негіздер болған кезде ондай адамдарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатулары жөн. Соттың адамды қылмыстық жазалау шараларын қолданбай-ақ түзеуге болатындығы туралы тұжырымы істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті түрде зерттелуге әрі сотталушының жеке басына қатысты мәліметтерге негізделуге тиіс.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

12. Соттар ҚК-нің 14-бабының үшінші бөлігіне сәйкес қылмыстардың қайталануын және қауіпті қайталануын тану кезінде алынған және жойылған соттылықтар, сондай-ақ адамның 18 жасқа толғанға дейінгі жасаған қылмыстары үшін соттылықтары есепке алынбайтынын назарда ұстағандары жөн. Сонымен бірге, ҚК-нің 14-бабының екінші бөлігі бойынша қылмыстардың қауіпті қайталануын тану кезінде, адамның ауыр немесе аса ауыр қылмыстар үшін сотталуына байланысты алынбаған немесе жойылмаған соттылықтары ескеріледі.

Бұрынғы соттылықтардың санын анықтай отырып, үкім шығарғанға дейін бірінші іс бойынша жасалған қылмыстар үшін соттылық қылмыстардың жиынтығы бойынша ҚК-нің 58-бабы алтыншы бөлігінің негізінде түпкілікті жаза белгіленіп, бір соттылық болып есептелетінін соттардың назарда ұстағандары жөн.

Соттар заңда көрсетілген соттылықты жою шарттарын ескерулері қажет. Соттың үкімі (қаулысы) бойынша жазаны өтеуден босатылған адам, күзетпен қамауға алу түрінде бұлтартпау шарасының тағайындалуына байланысты қамауда болу мерзіміне қарамастан, ҚК-нің 79-бабының екінші бөлігіне сәйкес, оны жазаны өтеуден босатқан сот актісі заңды күшіне енген сәттен бастап соттылығы жоқ болып танылады.

Бұл ретте, егер адам негізгі жазадан ғана босатылып, қосымша жазадан босатылмаса, осы қылмысты жасау бұрынғы сотталғандығын өтейтін мерзімнің өтуін үзеді. Сотталғандықты өтеу мерзімі соңғы қылмысты жасағаны үшін қосымша жазаны өтегеннен кейін жаңадан есептеледі. Рақымшылық актісінің негізінде қылмыстық қудалау тоқтатылған қылмысты жасау бұрынғы сотталғандықты өтеу мерзімінің өтуін үзбейді.

Бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін заңды күшіне енген сот үкімі бойынша түзеу мекемесінде өтеуге жататын бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, оның ішінде бұл жазаны сол адам өтемеген жағдайда (мысалы, өтеуден жалтарса, ҚК-нің 75-бабының негізінде жазаны өтеуден босатылса), қылмыстың қайталануын немесе қауіпті қайталануын анықтау кезінде адамды бұрын бас бостандығынан айыруға сотталған деп есептеу керек.

Бас бостандығынан айыру шартты түрде тағайындалған (ҚК-нің 63-бабы қолданыла отырып) не үкімді орындауды кейінге қалдыру қолданылған кезде (ҚК-нің 74 және 76-баптары) және осы адам пробациялық бақылау кезеңі ішінде немесе үкімді орындауды кейінге қалдырған кезең ішінде жаңа қылмыс жасағанда не шартты түрде соттаудың немесе үкімді орындауды кейінге қалдырудың күші жойылып осы адам сот үкімі бойынша тағайындалған бас бостандығынан айыру жазасын өтеу үшін тиісті мекемеге жіберілген жағдайда қылмыстың қайталануын тану кезінде адамның ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасағаны үшін алынбаған және жойылмаған бұрынғы соттылығы ескерілуге тиіс.

Айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты ҚК-нің 77-бабына сәйкес жазаны өтеуден босатылған адамдар; пробациялық бақылау мерзімі аяқталғаннан кейін шартты түрде сотталғандар (ҚК-нің 63-бабы); үкімнің орындалуы кейінге қалдырылып сотталғандар – кейінге қалдыру мерзімі аяқталған соң, егер адам жазаны өтеуден босатылған болса (ҚК-нің 74-бабы); не ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босатылғандар (ҚК-нің 76-бабының бірінші бөлігі) бұрын бас бостандығынан айыруға сотталғандар деп есептелмейді.

Сот үкімі бойынша тағайындалған жазасы (айыппұл, қоғамдық жұмыстар, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу) ҚК-нің Жалпы бөлігінде осы жаза түрлері үшін көзделген негіздер бойынша бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарды бас бостандығынан айыруға сотталғандар деп тануға болмайды.

Адамды қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттау соттылыққа әкеп соқпайды, ал онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарды жасағаны үшін соттылық қайталануды анықтау кезінде есепке алынбайды.

Қылмыстардың қайталануы және қауіпті қайталануы кезінде жаза ҚК-нің 54-бабы бірінші бөлігінің 1) тармағының және 59-бабының ережелері ескеріле отырып тағайындалады. Сот ҚК-нің 54-бабы бірінші бөлігінің 1) тармағы негізінде қылмыстың қайталануын немесе қауіпті қайталануын, егер бұл туралы айыптау актісінде көрсетілген жағдайда ғана, қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай деп тани алады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 08.12.2021 № 3 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

13. Адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы болып және қылмыстық топтың құрамында қылмыс жасау неғұрлым қатаң жаза тағайындауға әкеп соғады, сондықтан соттар сыбайлас қатысудың түрін, қылмысқа сыбайлас қатысушыларды және олардың әрқайсысының рөлін дұрыс анықтағандары жөн.

14. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жаза тағайындаған кезде соттар заңда көрсетілген жеңілірек жазаны неғұрлым ауыр жазаға сiңіру немесе тағайындаған жазаларды толық немесе ішінара қосу қағидаттары үкімде уәжденуге тиіс екенін ескерулері қажет.

Жеңілірек жазаны неғұрлым ауыр жазаға сiңіру қағидатын қолданған кезде жазалардың қатандық дәрежесі ҚК-нің 40-бабында қандай ретпен көрсетілсе, сондай рет бойынша анықталатынын соттардың ескергендері жөн. Жиынтыққа кіретін қылмыстық құқық бұзушылықтың әрқайсысына жазаның бір түрі тағайындалған кезде, олардың ішіндегі мерзімі мен мөлшері көп жаза неғұрлым қатаң жаза болып есептеледі . Егер жиынтыққа кіретін қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін түрі мен мөлшері бойынша бірдей жаза тағайындалса, онда бір жазаны басқа жазаға сiңіру жолымен түпкілікті жаза тағайындауға олар қылмыстық заңның тиісті баптарының ең жоғарғы санкциялары шектерінде тағайындалған жағдайда ғана жол беріледі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы кезінде негізгі және қосымша жазаларды әр қылмыстық құқық бұзушылық үшін жеке тағайындалады, ҚК-нің 50-бабына сәйкес қосымша жазаны тағайындаған кезде дәл осындай әрекет жасалуы қажет , одан кейін ҚК-нің 58-бабына сәйкес түпкілікті жаза тағайындалады. Толық қосу кезінде жазалардың мерзімдері мен мөлшерлері ҚК-нің 61-бабының талаптарына сәйкес қосылады. Жазаларды ішінара қосу кезінде неғұрлым қатаң жазаға жеңілірек жазаның бір бөлігі қосылады. Қосылған жазаның мерзімдері мен мөлшерлері ҚК-нің 58-бабында белгіленген шектерден аспауы керек. Егер жиынтықты құрайтын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қосымша жазаның әр түрі тағайындалса, онда олар тиісті мөлшерлері мен мерзімдері келтіріле отырып, үкімде және түпкілікті жазаны тағайындау кезінде көрсетілуі тиіс.

Жазаны қосу немесе сiңіру қағидатын қолдану туралы мәселені шешу кезінде соттар осындай қағидаттардың бірін таңдау кезінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың сипатын, қоғамға қауіптілік дәрежесін және мән-жайларын, кінәлі адамның жеке басына қатысты мәліметтерді және жазаны белгілеуге ықпал ететін өзге де фактілерді әрбір нақтылы жағдайда ескерулері қажет.

Санаты бойынша онша ауыр емес қылмыстық құқық бұзушылық үшін ғана қосымша жаза тағайындалған жағдайларда, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң

жазаға сiңiру арқылы жаза тағайындау кезiнде қосымша жаза қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша тағайындалған түпкiлiктi негiзгi жазаға қосылуға жатады.

ҚК-нiң Ерекше бөлiгiнiң бабына оның санкциясын қатандату жағына өзгерiстер енгiзiлген жағдайларда, осы бап бойынша мұндай өзгерiстер енгiзiлгенге дейiн және одан кейiн адам жасаған бiрнеше құқық бұзушылықтарды саралау кезiнде кiнәлi адамға жаза ҚК-нiң 58-бабының қағидасын қолданбай жаңа редакциядағы бiр бап бойынша тағайындалады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерiс енгiзiлдi - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi); 28.09.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi) Нормативтiк қаулыларымен.

15. Соттар ҚК-нiң 58-бабының алтыншы бөлiгiнiң негiзiнде үкiмдер жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезiнде қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша түпкiлiктi жаза алғашқы үкiм бойынша тағайындалған жазадан төмен болмауын, себебi мұндай жағдайларда жазаларды сiңiрген немесе қосқан кезде алғашқы үкiммен тағайындалған жазаның өтелмей қалған бөлiгiн емес, жазаның толық мөлшерiн негiзге алу қажеттiлiгiн ескергендерi жөн.

Егер үкiм шығарылып қойғаннан кейiн сотталған адамның тағы басқа қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшiн айыпты екенi, олардың кейбiрлерi үкiм шығарылғанға дейiн, ал басқалары үкiм шығарылғаннан кейiн жасалғаны анықталса, екiншi үкiм бойынша жаза ҚК-нiң 58-бабымен қатар 60-бабы қолданыла отырып тағайындалады: алдымен алғашқы үкiм шығарылғанға дейiн жасалған қылмыстар жиынтығы бойынша жаза белгiленедi, одан кейiн ҚК-нiң 58-бабы алтыншы бөлiгiнiң ережелерi қолданылады, одан соң алғашқы үкiм шығарылғаннан кейiн жасалған қылмыстар жиынтығы бойынша жаза белгiленедi және түпкiлiктi жаза үкiмдер жиынтығы бойынша тағайындалады.

Адам алдыңғы үкiм шығарылғанға дейiн жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшiн сотталған жағдайда алдыңғы үкiм бойынша барлық өтелген жаза есепке алынады. ҚК-нiң 58-бабы алтыншы бөлiгiнiң және 60-бабының негiзiнде тағайындалған жазаны өтеудiң мерзiмi, бұлтартпау шарасы немесе ұстау тәртiбiмен соңғы iс бойынша сотқа дейiн күзетпен қамауға алу уақыты есепке алына отырып соңғы үкiм шығарылған күннен бастап есептеледi.

Аяқталмаған қылмыс үшiн бас бостандығын шектеу түрiнде жаза тағайындалып және жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда ол бас бостандығынан айыруға ауыстырылған кезде осы жазаның мерзiмi мен мөлшерi ҚК-нiң 56-бабында белгiленген шектерден аспауға тиiс.

Үкiмдер жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезiнде қосу қағидаты ғана қолданылады, осы ретте жаза өзiнiң мөлшерi жағынан соңғы үкiм бойынша

тағайындалған жазадан да, алғашқы үкім бойынша тағайындалған жазаның өтелмеген бөлігінен де артық болуға тиіс.

Егер адам үкім шығарылғаннан кейін, бірақ ол заңды күшіне енгенге дейін жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, онда сот ҚК-нің 58-бабы алтыншы бөлігінің қағидаларына сәйкес оған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жаза тағайындайды.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

16. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде соттар алдыңғы үкім бойынша жазаның өтелмеген бөлігінің түрі мен мөлшерін үкімде көрсетулері қажет, өйткені ҚК-нің 60-бабының негізінде осы жаза жаңа үкім бойынша тағайындалған жазаға толық немесе ішінара қосуға жатады.

Мыналарды алдыңғы үкім бойынша жазаның өтелмеген бөлігі деп есептейді:

шартты түрде сотталған кезде, сондай-ақ ҚК-нің 74-бабында және 76-бабының екінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша жазаны өтеуді орындау кейінге қалдырылған кезде немесе ҚПК-нің 475-бабында көзделген тәртіпте немесе ҚК-нің 75-бабының үшінші бөлігі қолданылған кезде – ұсталуына немесе қамауға алу, үй қамағына алу түрінде бұлтартпау шарасын таңдап алуға немесе жазаны орындауға байланысты күзетпен қамауға алудың толық мерзімін не адамның медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға байланысты емдеу мекемесінде болған уақытты есептемегенде — жазаның бүкіл мерзімі;

ҚК-нің 72-бабында көзделген негіздер бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын жазаны өтеуден босатылған кезде – сотталушы оны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған жазаның бөлігі;

бас бостандығын шектеуге немесе қоғамдық жұмыстарға сотталған кезде – жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күнгі жағдай бойынша өтелмеген жаза.

Үкімдер жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде соттар ҚК-нің 61-бабында көзделген жазаларды қосу қағидаларын ескеруге тиіс.

Егер адам алдыңғы үкім бойынша бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталса және пробациялық бақылау мерзімі ішінде бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, онда ҚК-нің 64-бабына сәйкес алғашқы үкім бойынша шартты түрде соттаудың күші жойылған жағдайларда ғана үкімдер жиынтығы бойынша жазалар толық немесе ішінара қосылуы мүмкін.

Адамның шартты түрде соттау туралы алғашқы үкім шығарылғанға дейін жасалған қылмысқа қатысты кінәсі анықталған жағдайларда және шартты түрде соттаудың күшін жою үшін негіздер болмаған кезде немесе бірнеше үкімдер бойынша тағайындалған жазалар ҚК-нің 61-бабына сәйкес қосуға жатпаса, әр үкім бойынша жазаның дербес орындалатыны туралы үкімде көрсетуге тиіс.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан адам жаңа қылмыс жасаған жағдайда, жаңадан жасалған қылмыс үшін күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын тағайындау сәтінде қалған мерзімді жазаның өтелмеген бөлігі деп есептеген жөн. Егер аталған бұлтартпау шарасы тағайындалмаса, соңғы үкім шығарылған уақытқа қалған мерзім жазаның өтелмеген бөлігі болып табылады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 08.12.2021 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.09.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

16-1. ҚК-нің 65-бабы бірінші бөлігінің ережелері қылмыстық теріс қылық жасаған немесе алғаш рет қылмыс жасаған адамға қатысты әдетте мынадай мән-жайлардың жиынтығы болған кезде қолданылады: оның ҚПК-нің 182-бабына сәйкес ресімделген кінәсін мойындап келуі; қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеп-тексеруге ықпал етуі; қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянның орнын толтыруы.

ҚК-нің 65-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдар шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатыла алмайды.

Сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында ҚК-нің 65-бабы бірінші бөлігінің ережесі сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамға қолданылуы мүмкін емес.

Ескерту. Нормативтік қаулы 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

17. Жазаларды қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша толық немесе ішінара қосқан кезде соттар ҚК-нің 61-бабында белгіленген жаза мерзімдерін қосу кезінде мерзімдерді айқындау тәртібін сақтағандары жөн. Бұл баптың мәні бойынша бұрынғы үкім бойынша тағайындалған өтелмеген қосымша жаза жаңа үкім бойынша тағайындалған түпкілікті негізгі жазаға толық немесе ішінара қосылады не қосымша жазаның дәл осы түрі үшін белгіленген мерзім шегінде жаңа үкім бойынша тағайындалған дәл сондай қосымша жазаға толық немесе ішінара қосылады. ҚК-нің 61-бабының екінші бөлігінде көрсетілген жазалар бөлек орындалады.

Егер сот қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығына немесе үкімдердің жиынтығына кіретін қылмыстар үшін негізгі жазаның әр түрін тағайындаған болса, онда оларды толық немесе ішінара қосу кезінде түпкілікті жаза оның барынша қатаң түріне сүйене отырып тағайындалуы тиіс.

Егер қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға немесе бас бостандығын шектеуге сотталған адам үкім шығарылғаннан кейін, бірақ жазасын толық өтегенге

дейін қылмыстық теріс қылық жасаса, ҚК-нің 60-бабының қағидалары қолдануға жатпайды. Мұндай жағдайларда үкімдер дербес орындалуы тиіс.

Егер алғашқы үкім бойынша адамға бас бостандығынан айыру, түзеу жұмыстары немесе орындалуға жататын өзге де жаза тағайындалып, ал екінші үкім бойынша ҚК-нің 63-бабы қолданылып шартты жаза тағайындалса, онда сот жазалар қосылатын бұндай жағдайларда, олардың бөлек орындалатынын үкімде көрсетуге міндетті.

ҚК-нің 58-бабы алтыншы бөлігінің қағидаларымен қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша жазаны тағайындау кезінде рақымшылық жасау актісі қабылданғанға дейін қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға аталған актіні қолдану мәселесін талқылаған жөн. Бұл ретте рақымшылық жасау актісінің ережелері ол қолданылғаннан кейін қайтадан қасақана қылмыстар жасаған адамдарға, егер бұл туралы актінің өзінде көрсетілсе, қолданылмайтынын ескеру қажет.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 08.12.2021 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

18. Егер сотталған адам бұрынғы үкім бойынша жазаны орындауды кейінге қалдырған кезеңде жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін тағайындалған жазаға, ҚК-нің 60-бабына сай, бұрынғы үкім бойынша өтелмеген жазаны толық не ішінара қосуға тиіс. Осы ретте алғашқы үкімді орындауды кейінге қалдырудың күшін жою туралы қаулы шығару талап етілмейді.

Жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімі өткеннен кейін және сотталушыны ҚК-нің 74-бабының үшінші бөлігіне сай жазасын өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы соттың қаулысы заңды күшіне енген соң жаңа қылмыс жасалса, сот жаңа қылмыс үшін жазаны белгілеп, ҚК-нің 60-бабында көзделген үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау қағидаларын қолдануға міндетті.

Егер жаңа іс бойынша үкім қабылданған сәтке дейін, үкімді орындауды кейінге қалдыру мерзімі өткеннен кейін сотталушыны жазасын өтеуден босату немесе оны жазасын өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы мәселені сотта шешпесе, сот жаңадан жасалған қылмыс үшін ғана жаза тағайындайды. Мұндай жағдайларда орындалмаған басқа үкімдер болған кезде үкімді орындау туралы мәселе ҚПК-нің 476, 477, 478-баптарында көзделген тәртіпте шешілуі мүмкін.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

19. Қосымша жазалар сотталушыны кінәлі деп танитын ҚК-нің бабында белгіленген шектерде тағайындалады. Егер қосымша жаза ҚК-нің 49 немесе 50-бабының негізінде

қолданылса, оның мерзімі жазаның осы түрі үшін заңмен белгіленген шектерден аспауы керек.

Қылмыстық заң бабының санкциясы қосымша жазаны қолдану немесе қолданбау мүмкіндігін көздеген жағдайларда, соттар оны тағайындау туралы мәселені талқылауға және қабылданған шешімнің себебін үкімде көрсетуге міндетті. Мұндай жағдайларда қосымша жазаны қолданбау үкімнің қарар бөлігінде көрсетілмейді.

Қосымша жаза қолдануды міндетті деп табатын қылмыстық заңның баптары бойынша адамды соттаған кезде, сот оны ҚК-нің 55-бабында көрсетілген шарттар болған жағдайда ғана қабылданған шешімнің уәждерін үкімде міндетті түрде көрсетіп тағайындамауы мүмкін.

Аталған ережелер мүлікті тәркілеу түріндегі қосымша жазаны тағайындау кезінде қолданылмайды, оны қолдану негіздері мен шарттары ҚК-нің 48-бабының талаптарына сәйкес сол жазаның мазмұнымен анықталады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

20. Сотталушыны кінәлі деп таныған ҚК-нің бабы санкциясында мүлікті тәркілеу қосымша жаза ретінде көзделген жағдайларда ғана ол тағайындалуы мүмкін. Тәркілеуге жататын мүлік үкімнің қарар бөлігінде анық көрсетілуге тиіс. Тәркілеу сотталғанның және (немесе) үшінші тұлғалардың меншігінде тұрған, заңсыз тәсілмен табылған не заңсыз тәсілмен табылған қаражатқа сатылып алынған мүлікке, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікке ғана қолданылуы мүмкін.

Тәркілеу нысанасына мүлікті жатқызу ҚПК-нің 113-бабының үшінші бөлігі ережелеріне сәйкес дәлелденуге тиіс мән-жай болып табылатынын ескеру қажет. Осыған байланысты мүлікті, оның ішінде үшінші тұлғаларға ресімделген мүлікті тәркілеу туралы мәселені шешу кезінде, соттар осы мүліктің және мүлік сатылып алынған қаражаттың шығу тегін айғақтайтын дәлелдемелерді тексеруі тиіс. Егер істе мүліктің шығу тегінің қылмыстық сипаты туралы мәліметтер болмаса немесе мүлік мүлдем анықталмаса, мүлікті тәркілеу, оның ішінде қосымша жазаның осы түрінің міндетті түрде тағайындалуын көздейтін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің баптары бойынша тағайындалмайды. Мұндай жағдайда ҚК-нің 55-бабын қолдану талап етілмейді. Соттың мүлікті тәркілеу жөнінде қабылдаған шешімі үкімде ҚК-нің 48-бабында көзделген негіздердің болуына немесе болмауына сілтеме жасалып, барлық жағдайда уәжді болуға тиіс.

ҚК-нің 48-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда сот қабылданған шешімді негіздеп, тәркілеуге жататын ақша сомасын үкімде көрсетуге тиіс.

ҚК-нің 48-бабының бесінші бөлігінде көрсетілген мүлікке, осы нормада белгіленген құқық шектеулерін ескере отырып, тәркілеуді қолдану мүмкін емес. Егер аталған

норманың талаптары бойынша тәркілеуге жатпайтын мүліктің шығу тегінің қылмыстық сипаты анықталса, ҚК-нің 48-бабының үшінші бөлігінің ережелеріне сәйкес үкімде қабылданған шешім негізделіп, оның құны ақшалай көріністе мемлекет кірісіне өндіріп алынуға тиіс.

Егер ҚК-нің Ерекше бөлігіндегі баптың санкциясында тәркілеу міндетті қосымша жаза ретінде көзделген жағдайда, алайда қылмысты кәмілетке толмаған жасаса, онда ҚК-нің Жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, мүлікті тәркілеу қосымша жаза ретінде қолданылмайды. Мұндай шешім сот үкімінің сипаттау-уәждеу бөлігінде ҚК-нің 81-бабына тиісінше сілтеме жасалып, уәжді болуға тиіс. Аталған жағдайларда ҚК-нің 55-бабына сілтеме жасау талап етілмейді. Көрсетілген жағдайларда тәркілеу қолданылмағанда, сот үкімде заттай дәлелдемелер туралы мәселені шешкен кезде сотталғандардың дәлелдемелер деп танылған, қылмыстық жолмен табылғаны анықталған мүлкі ҚПК-нің 118-бабының үшінші бөлігінің тәртібімен мемлекет кірісіне өндіріп алынуға жатады. Егер ҚК-нің Ерекше бөлігіндегі баптың санкциясында мүлікті тәркілеу түрінде жаза тағайындау көзделмесе, бірақ іс жүргізу барысында ҚК-нің 48-бабының бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген негіздер бойынша қылмыспен байланысты мүлік анықталса, мәселелер осындай тәртіппен шешіледі.

Заттай дәлелдемелер туралы мәселені шешкен кезде сот олардың тиесілілігін, меншік иесінің оның мүлкін құқыққа қарсы мақсаттарда пайдаланғаны жөнінде хабардар болуын анықтауға және анықталған жағдайға орай ҚПК-нің 118-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген шешімдердің бірін қабылдауға тиіс. Егер мүліктің меншік иесі басқа адамдардың оның мүлкін құқыққа қарсы пайдалану мақсаттары туралы білмесе және білуге тиіс болмаса, онда ол оған қайтарылуы тиіс.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

21. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру қосымша жаза ретінде қылмыстық құқық бұзушылықты саралаған ҚК-нің Ерекше бөлігінің бабында жаза ретінде көзделмесе де тағайындалуы мүмкін. Мұндай жағдайда үкімнің қарар бөлігіндегі қосымша жаза тағайындау туралы шешімде тиісінше ҚК-нің 49-бабына немесе 50-бабына сілтеме жасалуға тиіс.

Сот адамды қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттаған кезде үкімді шығарумен бірге ҚК-нің 49-бабының екінші бөлігінің негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің атына сотталушыны мемлекеттік наградалардан немесе Қазақстан Республикасы Президенті тағайындаған құрметті, әскери, арнайы атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан айыру жөнінде

ұсыныс енгізу туралы мәселені қарауға тиіс. Награданы мемлекеттік награда екенін анықтау үшін "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы № 2676 Қазақстан Республикасының Заңы басшылыққа алу қажет.

Қосымша жазаның осы түрін тағайындау кезінде сот ұсыныста бір, сонымен қатар бірнеше наградалардан, атақтардан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен немесе біліктілік сыныбынан айыру туралы өтінішхат беруге құқылы (мысалы, сотталғанда біліктілік сыныбы мен мемлекеттік наградалары болған кезде біліктілік сыныбынан ғана айыру туралы мәселені қоюға құқылы). Қабылданған шешім үкімде уәжді болуға тиіс. Осы ереже сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін үкімдер шығарылғанда қолданылмайды, олар бойынша сот ҚК-нің 49-бабының екінші бөлігі талаптарының негізінде сотталғанды ҚК-нің 49-бабында көрсетілген оның барлық атақтарынан, сыныптарынан, дәрежелерінен, шендерінен және мемлекеттік наградаларынан айыру туралы ұсынысты Қазақстан Республикасының Президентіне міндетті түрде енгізеді.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

22. Лауазымы бойынша міндеттерін атқаруына немесе белгілі бір қызметпен айналысуына байланысты қылмыс жасаған әрбір жағдайда, ҚК-нің 50-бабына сәйкес, сот жасаған қылмыстың сипатын ескеріп, сотталушының белгілі лауазымдарды атқару немесе нақтылы қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы мәселені шешуге міндетті. Үкімнің қарар бөлімінде лауазымдар немесе қызметтің түрі нақты көрсетілуге тиіс. Атап айтқанда, сотталушының атқаруға құқығы жоқ лауазымдардың түрлерін анықтамай тұрып, оны қандай да бір салада немесе қандай да болмасын мекемелерде, ұйымдарда жұмыс істеу құқығынан айыруға болмайды. Сотталушының үкім шыққан сәтте лауазымды атқармауы немесе жасаған қылмысқа қатысты қызметпен айналыспауы аталған қосымша жазаны қолдануға кедергі болмайды. ҚК-нің 50-бабының ережелерінің негізінде нақ сол қылмыс үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бір мезгілде айыруға жол берілмейді.

Қосымша жазаның осы түрін тағайындай отырып, сот оның өмір бойына тағайындалуы ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігінде тікелей көрсетілген қылмыстардың жекелеген санаттары үшін ғана көзделгенін ескеруі тиіс. Аталған тізбеге кірмейтін басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру, егер қосымша жазаның осы түрі ҚК-нің санкциясында міндетті жаза ретінде көзделсе де тағайындалмайды. Мұндай жағдайларда сот қосымша жазаның осы түрін тағайындаудың жалпы негіздері мен шарттарын басшылыққа алуы тиіс, оларға сәйкес жаза бір жылдан он жылға

дейінгі мерзімге тағайындалады. Кәмелетке толмаған жаста қылмыс жасаған адамдарға белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру тағайындалмайды.

Егер жиынтыққа кіретін екі және одан да көп қылмыстық құқық бұзушылық бойынша негізгі жазамен қатар белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза белгілі бір мерзімге тағайындалса, онда жазаларды ішінара немесе толық қосу кезінде оның түпкілікті мерзімі немесе мөлшері ҚК-нің Жалпы бөлігінде көзделген жазаның осы түрі үшін ең жоғары мерзімінен немесе мөлшерінен, яғни он жылдан астам бола алмайды.

Адамның көлік құралын жүргізу құқығы болған не болмаған жағдайда немесе әкімшілік жаза тағайындау тәртібімен ондай құқықтан айырылған жағдайда, сот қылмыстық заңның санкциясына сәйкес оған қосымша жаза ретінде көлік құралын жүргізу құқығынан айыруды тағайындауы мүмкін.

ҚК-нің 50-тармағында көзделген экстремистік қылмыстар жасағаны үшін қосымша жаза тағайындау кезінде сотталған адам айналысу құқығынан айырылатын қызмет түрі нақты көрсетілуі тиіс (мысалы, саяси партиялардың, саяси қоғамдық бірлестіктер мен қозғалыстардың құрылуына, мүшелігіне, жұмысына қатысуға байланысты қызмет).

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жаза тағайындаған кезде соттар ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігінде көзделген экономикалық қызмет саласында және қаржы ұйымдарындағы қызмет мүдделеріне қарсы, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы, сыбайлас жемқорлық және көліктік қылмыстар жасаған адамдарға қатысты ерекшеліктерді ескеруі қажет.

Егер ҚК-нің Ерекше бөлігі тиісті бабының санкциясында белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру көзделмесе, сот жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оған ҚК-нің 50-бабы үшінші бөлігінің қағидалары бойынша осындай қосымша жаза тағайындау туралы мәселені талқылауға тиіс.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 08.12.2021 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

22-1. 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін мемлекеттік қызметте лауазымдарды, судья лауазымын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымдарда, оның ішінде мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық

компанияларда, ұлттық даму институттарында, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыру түрінде қосымша жаза тағайындалады.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 10 қаңтарға дейін жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін мемлекеттік қызметте лауазымдарды, судья лауазымын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымдарда, оның ішінде мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыру түрінде қосымша жаза тағайындалады.

2020 жылғы 10 қаңтардан кейін жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін мемлекеттік қызметте лауазымдарды, судья лауазымын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыру түрінде қосымша жаза тағайындалады.

Ескерту. Нормативтік қаулы 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

23. Үкімдерге, қаулыларға шағымдар мен өтінішхаттарды, наразылықтарды қарайтын соттар үкім шығарған кезде жазаны тағайындаудың жалпы негіздерінің сақталуын, тағайындалған жазаның қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығына және сотталғанның жеке басына сәйкестігін, жаза тағайындау кезіндегі қылмыстық заң нормаларының дұрыс қолданылуын, сондай-ақ үкімдегі жаза және назарға алынған істің нақты мән-жайлары туралы шешімді жазу тәртібін реттейтін қылмыстық-процестік заңның нормаларының сақталуын тексеруге тиіс. Бірінші сатыдағы соттардың жаза тағайындау кезде жол берген қателері мен заңды бұзушылықтарын жоғарғы сатыларда тұрған соттар анықтаған кезде оларды жою үшін заңда көрсетілген шараларды қолдануға міндетті.

Соттың айыптаудың көлемі туралы, сотталушының қылмыс жасауға қатысты кінәнің нысаны немесе сыбайлас қатысудың нысаны туралы, жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлардың бар екендігі туралы тұжырымдарын қате деп танып және осыған байланысты үкімге тиісті өзгерістер енгізе отырып (мысалы, айыптаудың көрінісін немесе ауырлататын бір не бірнеше мән-жайларды алып тастап, адамды қылмыстық құқық бұзушылықты жасаушы сыбайлас емес, көмектесуші деп танып, оның іс-әрекеттерінде аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілерін емес, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға оқталу немесе қылмыстық құқық бұзушылыққа дайындалу белгілерін байқап), үкімдерге, қаулыларға шағымдар мен өтінішхаттарды, наразылықтарды қарайтын соттар сотталғанның жазасын төмендету мүмкіндігі немесе қажеттілігі туралы мәселені талқылауға және қабылданған шешімнің уәждерін қаулыда келтіруге міндетті.

Қылмыстың саралануын немесе айыптаудың көлемін өзгертпей, ҚПК-нің 438-бабына сай қылмыстық заң санкциясының шеңберінде бірінші сатыдағы сот тағайындаған жазаны төмендету немесе ұлғайту тек ол тым қатаң немесе тым жеңіл болуының нәтижесінде өзінің түрі немесе мөлшері бойынша әділсіз болып табылған жағдайда ғана орын алуы мүмкін. Бұл ретте тек істі қараған кезде анықталған және үкім шығарған кезде сотталушыға тым қатаң жаза тағайындалғанын айғақтайтын мән-жайлар ғана жазаны жеңілдету үшін немесе сотталушыны оны өтеуден босату үшін негіз болуға міндетті.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

24. Жоғарғы сатыдағы соттар сотталғанның, оның қорғаушысының немесе заңды өкілінің шағымы бойынша, сондай-ақ айыптау тарапының өтінішхаты, наразылығы немесе шағымы бойынша, егер олар жазаның тым жеңілдігі туралы мәселені қозғамаса, істерді қараған кезде сот басқа негіздер бойынша үкімнің күшін жоя отырып, сот үкімі бойынша тағайындалған жазаның тым жеңілдігі туралы тұжырым жасауға құқылы емес.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

25. Егер бірінші сатыдағы сот қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындаған кезде әрбір қылмыс үшін тағайындалған жазаларды ішінара қосу қағидатын қолданса, үкімдерге, қаулыларға шағымдар мен өтінішхаттарды, наразылықтарды қарайтын соттар жиынтыққа кіретін бір немесе бірнеше қылмыс үшін жазаны жеңілдеткен жағдайларда да жазаларды толық қосу қағидатын қолдануға құқылы емес.

Егер бірінші сатыдағы сот бірнеше үкім бойынша жаза тағайындағанда бір жазаны басқа жазаға сіңіруді заңға қайшы немесе ҚК-нің 60-бабы екінші бөлігінің ережелеріне сәйкес жазаның өтелмеген мерзімін қосуға мүмкіндіктің жоқтығынан қолданса, үкімдерге, қаулыларға шағымдар мен өтінішхаттарды, наразылықтарды қарайтын соттар соңғы үкім бойынша тағайындалған жазаны жеңілдеткен жағдайда бұрынғы үкім бойынша берілген жазаның өтелмеген бөлігін ішінара немесе толығымен қосуға құқылы, осы ретте түпкілікті жаза кейінгі сатылардағы соттар енгізген өзгертулер ескеріле отырып үкім бойынша тағайындалған жазаның мөлшерінен аспауы керек.

Іс-әрекетті қылмыстық заңның бір бабынан ауырлығы төмен қылмыстар үшін жауаптылықты көздейтін бірнеше баптарға қайта саралаған кезде, егер бұл сотталған адамның жағдайын нашарлатпайтын және оның қорғану құқығын бұзбайтын болса, үкімдерге, қаулыларға шағымдар мен өтінішхаттарды, наразылықтарды қарайтын соттар жаза туралы мәселені қараған кезде ҚК-нің 58-бабында көрсетілген ережелерді қолданады. Осы ретте түпкілікті жаза үкіммен тағайындалған жазадан қатаң болмауға тиіс.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

26. Адам бірнеше рет жасалуды құрайтын екі немесе одан көп қылмыс жасап, бірақ бірінші сатыдағы сот қылмыстардың бірқатарына заң жүзінде дұрыс баға беріп, ал басқа қылмыстарға неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңның бабын дұрыс қолданбай, оларды қателесіп екі немесе одан көп баппен (бап бөліктерімен) саралаған жағдайда, үкімдерге, қаулыларға шағымдар мен өтінішхаттарды, наразылықтарды қарайтын соттар осы қылмыстық әрекеттерді ауырлығы төмен қылмыс туралы бапқа қайта саралап, санкция шеңберінде үкім бойынша белгіленген жазаның мөлшерінен аспай, осы бап бойынша бірінші сатыдағы сот белгілеген жазаға қарағанда неғұрлым қатаң жазаны белгілеуге құқылы. Қылмысты заңның қосымша жазаны міндетті түрде қолдану керектігін көздейтін бабына қайта саралаған жағдайда да, үкімдерге, қаулыларға шағымдар мен өтінішхаттарды, наразылықтарды қарайтын соттар үкімде қосымша жазаның тағайындалмағанына қарамастан ондай жаза белгілеуге құқылы емес. Егер белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жазаны тағайындау кезінде үкімде лауазымдар немесе қызмет түрлері нақты немесе дұрыс көрсетілмесе, онда жоғары сатыда тұрған сот, егер сотталғанның жағдайын нашарлатпайтын болса, осы қосымша жазаның күшін жоюға не үкімге тиісті түзетулер енгізуге құқылы.

Жазаның жеңілдігіне немесе неғұрлым ауырлығына қарай қылмыстық құқық бұзушылық туралы заңды қолдануға байланысты үкімнің күшін жою жағдайларын

қоспағанда, сот үкімнің күші жойылған соң істі жаңадан қараған кезде, егер қосымша жаза алғашқы үкімде тағайындалмаса, қылмыстық құқық бұзушылықтың осы бабы бойынша оны тағайындай алмайды.

Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2017 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

27. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 30 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулысы;

2) "Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 19 қазандағы № 15 нормативтік қаулысы;

3) "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 19 қазандағы № 15 нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандағы № 8 нормативтік қаулысы;

4) "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының "Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы" 1999 жылғы 30 сәуірдегі № 1 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 9 нормативтік қаулысы;

5) "Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 30 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 9 нормативтік қаулысы;

6) "Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 19 қазандағы № 15 нормативтік қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 16 нормативтік қаулысы;

7) "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының кейбір қаулыларына және Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 12 нормативтік қаулысының 7-тармағы;

8) "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулысының 3, 5-тармақтары.

28. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының

Төрағасы

Қ.Мәми

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы,

жалпы отырыс хатшысы

Қ.Шаухаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК